

«Атамекен» тарихи үйірмесі - Гуманитарлық факультетте Қазақстан тарихы кафедрасының ұйымдастыруымен халқымыздың тарихын, мәдениетін зерттейтін студенттердің «Атамекен» үйірмесі құрылды. Барлық факультеттің 1-2 курс студенттері «Атамекен» тарихи үйірмесінің мүшесі бола алады. «Атамекен» үйірмесі мына бағыттар бойынша жұмыс атқарады: тарихи, өлкетану және этнология.

КЛУБТЫҢ МАҚСАТЫ:

-Қазақстан Республикасының тарихи мәселелерін зерттеумен айналысатын дарынды студенттерді іріктеп, олардың жұмыстарына бағыт беру;

-ғылыми-теориялық конференциялар ұйымдастыру және оған студенттерді қатыстыру;

-студенттер бойында отансүйгіштік, тарихқа қызығушылық сезімдерін арттыру.

Үйірме мүшелері ҚР Тұңғыш Президентінің мұражайымен, Астана қалалық мұрағаты қызметкерлерімен бірігіп жұмыс атқаруда. Президенттің мәдени орталығына экскурсия жүйелі жүргізілуде. Университеттік, қалалық ғылыми-теориялық конференцияларға белсене қатысып келеді. Үйірмеде қазіргі таңда 47 студент мүшелік етеді.

23-24 қазанда С.Сейфуллиннің 120 жылдығына арналған «С. Сейфуллин оқулары» ғылыми конференциясына «Атамекен» тарихи үйірмесінің 23 мүшесі қатысып, баяндама жасады. 9 студент марапатталды. Конференция барысында «Атамекен» тарихи үйірмесінің мүшелері Қазақстан тарихының өзекті мәселелерін және Сәкен Сейфуллиннің тарихи тұлғасын жан-жақты жаңа көзқарас тұрғысынан ашып көрсетті.

2014 жылы 30 қарашада өткен «Білім, ғылым, инновация: өзекті мәселелері мен даму жолдары» атты дәстүрлі Ү республикалық ғылыми-тәжірбиелік конференция жинағына «Атамекен» тарихи үйірмесінің 5 мүшесінің баяндамасы еніп, жарық көрді.

Клубтың жетекшісі - Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы, т.ғ.к. Енсепов Б.Б.



